

СУ БЭЙХАЙ

ҚАЗАКТЫҢ
ЖАЛШЫ ТАРИХЫ



Ерте заманнан – XX ғасырдың
алғашқы жартысына дейін

1

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Каз)
C 85

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Үлттік университетінің Шығыстану кафедрасы мен «Отырар кітапханасы» Фылыми орталығында Қазақстан Республикасы Білім және фылым министрлігінің № АР 05133970 «Қытай тіліндегі Қазақстан тарихына қатысты қолжазбаларды жинақтау, жүйелу және зерттеу: Су Байхай «Қазақтың жалпы тарихы» (4 томдық қолжазба)» Жобасы аясында дайындалып, университеттің фылыми көңесінде бекітілген.

Жоба жетекшісі және жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынхан Законұлы Қайыркен

Фылыми редакторы – тарих ғылымдарының докторы, профессор Данагұл Махат

Пікір жазғандар:
КР ҰҒА Құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор **Талас Омарбеков**
Тарих ғылымдарының докторы, профессор **Әбдіуакап Қара** (*Түркия Республикасы*)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор **Жамбыл Артықбаев**

Қытай тіліндегі түпнұсқа мәтіндерді жинаған, жүйелеп, тарихнамалық-деректанулық талдау жасап, аударған, алғысөзін жазған – тарих ғылымдарының докторы, профессор **Т.З. Қайыркен**.

Қолжазбаның түпнұсқасында пайдаланған еңбектерден алынған үзінділер мен ой-пікірлерді, сілтемелерді ғылыми еңбектердің түпнұсқасымен салыстыра зерттеп, түсініктерін жазған – тарих ғылымдарының докторлары **Т.З. Қайыркен, Д.А. Махат**.

Ағылшын тіліндегі мәтіндерді реттеген, аударған және атауларды қараган, қытай тіліндегі түпнұсқа мен салыстырган – магистр, қытай және ағылшын тілдерінің маманы **А. Қадысқызы**.

Қолжазбаның факсимилиесін дайындал, түпнұсқадағы карталар мен суреттердің, таңбалардың көшірмесін аударма мәтінге орналастырган – тарих магистрі **Ж.С. Смаханова**.

Су Байхай

С 85 ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТАРИХЫ: Ерте заманнан – XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін.
/ Төрт томдық зерттеу. Қазақ халқының тегі және ұлт болып қалыптасуы. Аударма, зерттеу,
факсимилие. – Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі», 2018. 1-том. – 696 бет.

ISBN 978-601-7962-19-7

Төрт томнан тұратын бұл іргелі еңбек қытайлық тарихшы фалым Су Байхайдың қазақ халқының ерте заманнан –XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі тарихын төрт үлкен кезеңге бөліп қарастырган зерттеу жұмысы (қолжазба) негізінде дайындалды. Онда автор қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің негізін біздін дауірімізге дейінгі Сак, Үйсін заманынан бастайды. Түркеш қаганатын Қазақ жерін ең алғаш біріктірген қағанат (мемлекет) ретінде қарастырады. Еңбекте қазақ тарихының хронологиялық шенбері кенейтіліп, мазмұны барынша байыттылған. Автордың Хан, Тан және Цин империяларының жаулаушылық саясатын қытайлық дәстүрлі тарихнамалық көзқарастарына қарамастан, бұл кітаптың Отан тарихын зерттеуге тигізер пайдасы мол. Ендеше, ол ең зеулі ғылыми көшіліліктің сиңи көзбен оқып, зерттеу жұмысында пайдалануына арналған.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Каз)

ISBN 978-601-7962-19-7 (жалпы)

ISBN 978-601-7962-20-3 (1-том)

© Су Байхай. 2018
© Қайыркен Т.З. 2018

АЛҒЫСӨЗ НЕМЕСЕ ҚЫТАЙ ФАЛЫМЫ ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ҚАЛАЙ ЗЕРТТЕГЕН

Қазақ – Еуразия және Орталық Азия аймақтарына таралып қоныстарған, қайда жүрсе де өзінің рухани болмысымен, антропологиялық және этникалық кескінімен ерекшеленіп тұратын іргелі ұлт. Олай дейтініміз оның әу бастан, рулар мен тайпалардан құралған және кейініректе ұлт болып қалыптасқан тарихи-географиялық аумағы бүгінгі Қазақстаннан өзге Ресей, Монголия, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан тәрізді елдердің кейбір өлкелерін де қамтиды. Ежелгі ата тарихы, тілі мен мәдениеті, жалпы рухы ортақ бұл қазақтарды біздің ел диаспора емес, бөлінділер (ирриденттер), яғни қазақ деген біртұтас ұлттың қасиетті де қадірлі бөлшегі деп түсінеді. Солай солай. Бұлтартпас тарихи ақиқаттан қалай бас тартарсын.

Бүгінде өкінішке орай, саяси тағдыр тәлкегімен «шетелдіктерге» амалсыздан айналған олардың көбі өзінің тарихи атақонысында, атабаба жерінде отыр. Мысалы, қазақ тарихын басқа елдер жерлерімен шыырлап аққан Сыр, Әму дариясыз немесе мол суына сусаған басқа елдер басқаша атайдын, арнасы басқа өзендерге арман болған Еділсіз елестету мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Немесе бастаулары басқа елден басталған Шу мен Талассыз, оның бойындағы ежелгі қала Баласағұн мен Сұябызыз, Ыстыққөлдегі Қызыл-қорғансыз біздің көне тарихты қозғау, әнгімелей мүмкін бе? Мүмкін емес. Құдды сол секілді, қазақ тарихын бүгінде басқа елдер қойнауында аялап сақтаған Еренқабырға мен Алтайсыз, күллі түркі дүниесі үшін қасиетті Орхон мен Өтүкенсіз жазу да қын-ақ. Осынау ұлан-ғайыр өлкеде баба жұрт тым ерте заманнан тіршілік етіп, әлі күнге дейін бәрімізге ортақ болып келе жатқан саяси, шаруашылықтық және мәдени дәстүрлерді қалыптастырыған. Аталған өлкелердің барлығы да қазақ тарихының біртұтас, кеңбайтақ этно-географиялық кеңестігін құрайды. Алайда замананың қуатты толқындары жолындағыны күйретіп, осынау алып кеңістіктегі талай тарихи құндылықтарымызды жайпап кетті. Сондықтан да бүгінде оларды тірнектеп жиып-теру де оңайға түспеуде. Осындайда шетелдік фалымдар біз туралы жазған екен десе елең ете қалатын бо-

жазуда ешбір елдің зерттеушілеріне ұқсамайтын төте де тың методологиялық жол іздестіруге бағыттайды. Ия, бүгінгі жазылатын жаңа тарих осы ерекшеліктерді ескеріп, жазба және археологиялық дәректерді ғана емес, дәстүрлі ауызша тарих мәліметтерін де кеңінен ғылыми айналымға қосқанда ғана өзіндік ұлттық нақышты кескіні бар тарих қалыптасады. Бұл кітапты оқу арқылы біз қазақ тарихының ұнғыл-шұнғылын байыпты қарастырып, оларды салихалы ой сүзгісінен қайта өткіземіз. Сондықтан қабыл ал, қызықты енбекті кітапқұмар оқырман!

Талас Омарбеков,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
«Орталық Азияның дәстүрлі өркениетін зерделеу»
Республикалық ғылыми-зерттеу орталығының директоры,
КР ҰҒА Құрметті академигі

